

Құрметті ұстаз!

Бұл ескертпе сіздерге арналған, себебі - сіз баланың немесе жасөспірімнің қасында бола отырып, олардың жыныстық қол сұғылмаушылығына қастандық пен зорлық-зомбылықтың алдын алуға көмектесе аласыз.

Зорлық-зомбылықтан құтылудың жолы бар, бірақ ол үшін баланың **«Жеті жоқ ережесін»** меңгеруіне көмектесіңіз:

1. Көшеде бөтен адамдармен сөйлесуге және оларды үйге кіргізуге болмайды.
2. Подъезд пен лифтіге бөтен ер адаммен кіруге болмайды.
3. Үлкендерсіз (ата-анасыз, мұғалімсіз, үлкен жастағы жақын адамынсыз) бөтен көлікке отыруға болмайды.
4. Бөтен адамнан сыйлық алуға және оның үйіне немесе басқа жерге шақырған ұсынысына келісуге болмайды.
5. Көшеде жалғыз көп уақыт жүруге, әсіресе кеш батқанда болмайды.
6. Үйде үлкен адам жоқ кезде бөтен адамға есік ашуға болмайды (бөтен адам су сұрауы мүмкін, телефонмен хабарласып алуға рұқсат сұрауы мүмкін, ата-анаға хат тастап немесе құжаттар берем деуі мүмкін).
7. «Тәуекел тобындағы» адамдармен (алкоголиктер, мас адамдар, наркомандар, сотталғандар және т.б.), тіпті ол көршің немесе алыс туысқаның болса да байланысуға болмайды.

Қауіп төнген кезде өзін осылай ұстау қажет екенін түсіндіріңіз!

Баланы әрқашанда «ЖОҚ !» деп жауап беруге үйретіңіз:

1. Егер оған үйге кіруді немесе үйге дейін жеткізіп салуды ұсынса, олар тіпті көршілер болса да.
2. Егер оны алып кетуге артынан мектепке немесе балабақшаға бөтен адам келсе, ал ата-анасы ол туралы алдын-ала ескертпесе.
3. Егер ата-анасы жоқ кезде бөтен адам келіп (шала таныс), үйге кіргізуді сұраса.
4. Егер бейтаныс адам танысу және онымен уақыт өткізу мақсатында бір нәрсе сыйласа.
5. Егер бейтаныс адам керек көшесін көрсетіп жіберуді немесе сөмкесін көтеріп апарып беруді, дүкенге дейін шығарып салуды сұраса.

Бала бірнеше сөйлемді жаттап алсын:

1. Рахмет, бірақ маған ата-анам бөтен адамның үйіне қонаққа баруға тыйым салады.
2. Кешіріңіз, бірақ мен ешқайда бармаймын.
3. Мені жайыма қалдырыңыз, әйтпесе мен айғайлаймын.

Әртүрлі оқиғаларды ойнай отырып, баламен жаттығыңыз.

Көмек сұрап қайда хабарласу керек:

102 – полиция шақыру

_____ - балалар құқығын қорғау бойынша Департаментінің сенім телефоны

_____ - прокуратураның (аудандық, қалалық, облыстық) мобильдік тобының телефоны